

XFTAP 16.21.07

Ж. Алашбаева

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: zhanna_alash@mail.ru)

Түркі тілдеріндегі жылқыға қатысты паремиялардың этномәдени ерекшеліктері

Андатпа. Мақалада түркі халықтарындағы жылқыға қатысты паремиялардың этномәдени ерекшеліктері қарастырылады. Сонымен қатар жылқыға қатысты паремиялардың этимологиясына ғылыми көзқарастар талданады. Жылқыға қатысты паремиялардың этимологиялық негіздерін зерделеудің маңыздылығын, жылқыны қолға үйрету мәдениетінің түркілерден бастау алатынын лингвистикалық тұрғыдан негіздеудің қажеттілігімен сипатталады. Түркі халықтарын байланыстыратын ортақ тарихты зерделеу, тілдік ұқсастықтарды ажырату, ұғымдар мен ойлардың тұжырымдамасын айқындау жалпытүркілік сананы жаңғыртудың негізі. Біздің терең тарихымыз бен мазмұнды сөздік қорымызды сақтау және құрметтеу біздің болашағымыздың жарқын көрінісі болып табылады. Түркі халықтарындағы жылқы малын қабылдау білімі, тұжырымдамалары мен ерекшеліктері өте ұқсас. Түркі халықтарының жылқы малына деген ерекше сүйіспеншілігін мақал-мәтелдерінен-ақ аңғаруға болады. Себебі ұланғайыр даланың тарихы, мәдениеті, салт-санасы жылқы малымен тығыз байланысты болған. Қазақ халқының жылқыны жеті қазынаның бірі санауының да мәні зор.

Түйін сөздер: Махмұт Қашқари, паремия, жылқы, түркі халықтары, этномәдениет.

DOI: <https://doi.org/10.32523/26-16-6887/2019-129-4-11-16>

Кіріспе. Түркі мақал-мәтелдеріндегі ең көп таралған бейнелердің бірі -жылқы. Өркениеттің дамуына үлес қосып, көшпенді шаруашылықтың ілгері дамуында жылқы жануары ата-бабалар өмірінде ерекше маңызға ие болған. Ол қозғалыс құралы қызметін атқарды, оның еті негізгі азық болды, жылқы терісінен тұрмыстық мақсаттағы түрлі заттар жасалды. Түркілер өркениетіндегі жылқының рөлі туралы Л.П. Потапов: «Использование верхового седла произвело в древности настоящую хозяйственно-техническую революцию в жизни кочевников, стимулировало развитие культуры. Благодаря верховому коню стали расширяться географические познания кочевников в отношении многих больших и отдаленных территорий, устанавливаться контакты с различным населением» [1, 164 б.], - дейді.

Мақсаты. Жылқыға қатысты паремиялардың этномәдени мазмұны арқылы жылқыны қолға үйрету мәдениетінің түркі өркениетіндегі маңызын лингвистикалық тұрғыдан негіздеу. Түркі халықтары дүниетанымындағы жылқыға қатысты ұғымдардың лингвистикалық бірліктерінің ортақ белгілерін анықтау.

Міндеті. Қойылған мақсатқа жету үшін келесі міндеттер шешіледі:

- жылқыға қатысты паремиялардың лексика-семантикалық ерекшеліктерін саралау;
- ескерткіштер тіліндегі жылқыға қатысты паремиялардың функционалдық ерекшеліктерін талдау;
- зерттеу нәтижелері бойынша қорытынды жасау.

Тарихы. Тіл білімінде салыстырмалы-тарихи, салғастырмалы әдістерді қолданып, жылқыға байланысты мақал-мәтелдерді көптеген ғалымдар зерттеді. Солардың қатарында А. Шынар, Ш. Эльчин, А. Хусейн, М. Мерич, М. Муан, Р. Нұр, И. Севюк, Н. Ұшардың, өзбек ғалымы Н. Махмудовтың, қазақ ғалымы М. Бейсенова, Қ. Жұбановтың зерттеу еңбектерін айтуға болады.

М. Қашқари сөздігінде *жылқы* сөзі үйірдегі малдың жалпы атауын білдіреді. А. Щербактың айтуынша «оно обозначало первоначально «табун» и в этом значении ассоциировалось с табунными животными, наиболее важное место среди которых занимало лошадь» дей келе [2,86 б.], Г. Вамберидің (H. Vambery. Die primitive Cultir des tirko-tatarischten Volkes. Jeipzid, с.190) *jilki* сөзі *jil* – жинау, біріктіру етістігінен болуы мүмкін деген пікіріне назар аударуды жөн көреді. Яғни *жылқы* атауы *йығ* – бір жерге жинау мағынасынан туындаған.

Ғалым М. Бейсенованың пікірінше, сөздің негізгі түбірі *йығ* = (жый) болса керек, оған өздік етістігінің жалғауы *-ун* қосылғанда *-ғ* дыбысының кейде түсіп қалатын заңдылығы бойынша *йыун* (2 дауысты дыбыс қатар келіп қолданылмайтын болғандықтан) *йун* болып қысқарады. Көне түркі тілдеріндегі *-т* реликтік көптік жалғауы жалғанып (йунт), ол түбірмен кірігіп, қалыптасып кеткенге ұқсайды. Көне түркі тілдерінде *йығ* деген сөз «бір жерге жинау» деген мағына береді [3,36 б.].

Ә.Т. Қайдар «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» *жұнттай* сөзіне «жылтыр, тақыр, таза, әдемі» деген анықтама берген. *Жұнттай* сөзі әдетте, тығыршықтай семіз, күйлі-қонды малға, көбінесе жылқы малына байланысты айтылады. Ал семіз малдың жүні әрі тықыр, әрі жылтыр болатыны белгілі. Олай болса, *жұнттай* сөзінің төркіні көне түркі тілдерінде ерте замандарда қолданылған юнт (jund) сөзімен байланысты деуге болады. Сонда тіліміздегі салыстыру моделі бойынша (салыстыр: сиырдай, шошқадай семіз, еңгезердей, түйедей, алпамсадай үлкен, титтей, құрттай, т.б.), *жұнттай* сөзі о баста «аттай семіз, аттай күйлі, ат мүшелі» деген мағынада тек атқа байланысты айтылса, одан кейін жалпы малға, адамға байланысты да айтыла бастаған болуы керек», - дейді [4, 95 б.].

Хақас ғалымы О.В. Нарылкованың «Лошадь и ее наименования в хакасском языке» мақаласында жылқыға қатысты атау сөздер талданады. Тува ғалымы В. Даржаның кітабында жылқы малының негізгі түстеріне тоқталған. Онда автор тува халқының жылқы малымен қарым-қатынасын, жылқыға қараудағы ежелгі тәжірибелерін бейнелейді.

Қазақ халқының жылқы малын қастерлеп, көптеп өсіретіні туралы Ресей және Еуропа зерттеушілері Н. Бахметьевтің, С. Вогақтың, А. Гердердің, А. Вилькинстің т.б. еңбектерінде айтылған.

Зерттеу әдістері. Жұмыста зерттеудің тарихи-салыстырмалы, салыстырмалы-сипаттамалы әдістері этнолингвистикалық амал-тәсілдер басшылыққа алынды. Мақал-мәтелдердің семантикалық сабақтастығын түсіндіру үшін баяндау және пікірлерді қорыту әдістері қолданылды.

Нәтижесі/Талқылау. Түбі бір түркі халықтарының тарихын зерттеуде осы уақытқа дейін өзінің құндылығын жоймаған М. Қашқаридың «Диуани лұғат-ит түрік» жазба ескерткішінде жылқы жануарының түркі халықтарындағы басты қызметі айтылады.

Шығармада жылқы малы атауларын *йылқы*, *йунд*, *ат*, *арқун*, *қатыр* сөздерімен де берген. Яғни бұл атаулар жалпы жылқы атауының түрлері ретінде ғана беріледі [5].

Қазақ тілінің сөздігінде *жұнт* деген сөз бар. Ескерткіштер тілінде йунд тұлғасында берілген. Екеуінің де мағынасы жылқы сөзі. Қыпшақ тобына жататын тілдерде ұяң *-д* қатаң *-т*-ға айналады.

Ал *ат* сөзінің басқа түркі тілдерімен салыстырғанда өзіндік мағыналық өзгешелігі бар. Ол піштірілген еркек жылқыны, мініс көлігі ретінде қолданылатын жылқыны ат деп атау.

Елінің тыныштығы мен бостандығы үшін талай қанды ұрыстарды бастан кешірген жауынгерлердің серігі жылқы болып есептелген. Шығармаларда жауынгер қалай мадақталса, оның тұлпары да қатар жырланған.

Ер серігі жайлы оқиғалар осы күнге дейін айтылып келді. Мысалы,

Kuŝ kanatın, er atın (МҚ, 63) `Құс қанатымен, ер атымен`. Жылқының арқасында қашықтықты бағындырған түркі халықтарының мәдени-рухани өрісін байқаймыз. Жылқы

малының арқасында ел арасында байланыс орнап, алыс аймақтарға да билік жүргізген қазақ «Ат – түріктің қанаты» деген. Ал өзге түркі тілдерінде:

қырғ. Ат эрдин канаты `Ат – ер қанаты`;

түрік. *Ati varin ganati var* `Кімнің аты болса, соның қанаты бар` [6,14 б.].

М.Қашқаридың «Диуани лұғат-ат-түрік» жазба ескерткішінде жылқы малы *at, yund, yilki* лексемалары арқылы берілген. Ескерткіште *bu at anda yég* «бұл ат одан жақсы», *ol maña at bağısladı* «ол маған ат бағыштады» (МҚ,449) түрлерінде келеді. Қазақ түсінігінде аттың арғымақ ат (асыл тұқымды жылқы), белді ат (мініске төзімді ат), бәйге ат (жүйрік ат), бәсіре ат (нағашының үйіне жиендеп келгенде мал ішінен таңдап беретін аты), жарау ат (бабына келген ат), жауқын ат (ірі ат), қазан ат (семіздігі сыртына көрінбейтін ірі жылқы) жасамыс ат (тоғыз-оннан асып қалған ат), мес ат (жуан қарын қара етті жылқы), тарлан ат (мініс ат) т.б. түрлері бар [7, 274 б.].

В.Я. Бутанаев: «имя человека и коня в тюркских языках носит идентичное звучание «ат», ибо в эпической жизни богатырь неразрывно связан со своим конем» [8,124 б.].

Алтай халқының мақал-мәтелдерінде мықты атты тек мықты батыр ғана басқара алады деген бар: *Эр тискини узун деген*, / Ат туйгагы жазу деген [9, 2 б.].

Қазақ тілінде жылқының жасы мен жынысына байланысты құлын (алты айға дейін), жабағы (алты айдан бір жасқа дейін), тай (бір жастан екі жасқа дейін), жыныс ерекшелігіне байланысты еркегін – құнан, дөнен (үш пен төрттің арасында), бесті (бес жасқа толған) деп, ал ұрғашысын құнажын байтал, дөнежін байтал және бие деп әртүрлі аталатыны белгілі. Жеке үйірге ие болмаған құнан, дөнендер сәуірік деп, үйірі бар жылқы түлігінің аталығы айғыр деп аталады. Ал «Диуани лұғат-ит-түрікте» жылқының төлі *kulun* лексемасы арқылы берілген (МҚ,129). Түркімен және әзірбайжан тілдерінде: *gulun*; татар тілінде: *kolın*; қырғыз және өзбек тілдерінде: *kulun* түрлерінде қолданылады [10,1098 б.].

Қазақ халқында жылқының түсіне байланысты атаулар: Қара жылқы. Сары жылқы. Жирен жылқы (Сыртқы қылшық, түктері бірыңғай сарғыш қызыл). Торы жылқы (тобылғы түстес). Көк жылқы. Қара көк жылқы. Қызыл көк жылқы. Құла жылқы. Ақжал жылқы. Сұр жылқы. Қаракер жылқы. Шабдар жылқы. Ала жылқы. Шұбар жылқы. Бурыл жылқы. Шаңқан (боз) жылқы. Қылаң жылқы.

М.Қашқари кейіпкердің ішкі жан дүниесін, психологиясын көрсете отырып, адамның сипатын төмендегідей береді:

Kişi alası içtin, yilki alası taştın (МҚ, 22) `Кіс аласы ішінде, Жылқы аласы сыртында`. Бұл мақал өзі жағымды көрініп, жан дүниесіндегі жамандық пен арамдықты жасыратын сұрқия жандарға бағышталады.

Ежелгі уақыттан бері отбасында ер адамның басты тірегі оның ұлы болды. Ұлдың тууы рудың жалғасуының шарты болды. «Диуани лұғат-ат-түрікте» ұрпақ жалғастығы туралы:

Tau atatsa at tinur, ogul eredhse ata tinur (МҚ, 246) `Тай ат болса, ат тынар, ұл ержетсе, ата тынар` мақалы арқылы көрсетілген. М.Қашқарида екі жасқа толмаған жылқы төлі *tau* лексемасы арқылы берілген. Қазақ тілінде «Ат тұяғын тай басар», «Тарта жесең тай қалады, қоя жесең қой қалады» мақал-мәтелдері қолданылады.

«Диуани лұғат-ит-түрікте» *Sewünmegil yund ögür adhgır anın, Altun kümüş bulnaban agı tawar* `Сүйінбегін үйір жылқы, айғыр атанға, Алтын-күміс, жібек, тауар алғанға` деп көрсетеді (МҚ, 215). Бұл жерде М.Қашқари жылқы түлігінің аталығы айғырды *adhır* түрінде береді (МҚ, 125). Қазақ халқында 3-4 жастағы піштірілмеген айғырларды сәуірік айғыр, алты жаста піштірілгенін азбан айғыр, үйірінде бірнеше ұрғашы жылқылар болатын жасамалы айғырды құтпан айғыр (құт айғыр) деп атайды.

Сонымен қатар, *Keriş yagırı ogulka kalır* (МҚ, 426) `(аттың) арқасының жауыры ұлға қалар`. Иық-омыртқа буындары түйіске тұс болғандықтан, ол жердің жауыры тез жазылмай-

ды. Бұл мақал сондай жауырдан сақтану керектігін меңзейді. Ал өзге түркі халықтарында, мысалы:

алт.: 1) *Ат ұлзи, чакызы артар, / Адазы ұлзи, уулы артар* `Жылқы құлайды-атқазық қалады` / `Әке өледі – баласы қалады`; 2) *Аданын уулы, / Арғымактын – қулды* `Бала әкесі үшін, / Құлын арғымақ үшін`.

тув.: 1) *Аът йлур – баглаажы артар, / Ада йлур – оғлу артар* `Жылқы құлайды-атқазық қалады` / `Әке өледі – баласы қалады` [11,35 б.].

2) *Аът болуру кулунундан, / Кижжи болуру чажындан* `Құлыннан жылқы өседі`, / `Адам балалық шағынан қалыптасады` [11,36 б.].

3) *Аътты баглап ййредир, / Аныяан сурган ййредир.* – `Жылқыны байлап үйретеді`, / `Жастарға ақыл айтып үйретеді` [11, 50 б.].

Келесі мақал-мәтелдерде батырдың әкесі мен аты туралы айтылады:

Arpasız at ađumas arkasız alp řerik sijumas `Арпасыз ат қыр аса алмас, арқасыз (тірексіз) алып шерік бастай алмас` (МҚ, 153 б.). Бұл мақалдың түркі тілдерінде мағынасы жуықтары кездеседі, мысалы: алт.: *Адам бар болуп йон таныдым, / Адым бар болуп йол таныдым* `Әкемнің арқасында елді таныдым, / Атым болғандықтан жолды таныдым` [12, 236 б.]. Мақалдың мағынасы - әкесі Ұлы үшін тәлімгер, оның арқасында ұлы өмірді таниды. Тува халқында да осымен мағыналас мақал берілген: *Ада турда, чон таныыр, / Аът турда, чер кийр* `Әкеммен – елмен таныс, Атыммен – аймақпен танысу` [11, 46 б.].

Қорытынды. Орта ғасыр ескерткіштері тіліндегі мақал-мәтелдер қазіргі түркі тілдеріндегі паремиологиялық жүйенің негізін құрайды. Түркі өркениетінің ерекше көрсеткіштерінің бірі – жылқыны қолға үйрету мәдениетімен сабақтастықта қалыптасқан паремиялардың семантикалық уәжі, лексикалық сипаты, этномәдени мазмұны жалпытүркілік дүниетанымның ортақтығын айқындайды. Ескерткіштер тіліндегі мақал-мәтелдердің қазіргі түркі тілдерінде де ешбір өзгеріссіз немесе аздаған өзгерістерімен қолданыста болуы, алғашқы мән-мағынасын жоғалтпауы жалпытүркілік тілдік сананың беріктігінің көрінісі.

Жылқыға қатысты мақал-мәтелдер түркі паремияларының архаикалық қабатына жатады. Олардың пайда болу уақыты мен контекстін айқындау жалпыадамзат өркениетіндегі түркі мәдениетінің орнын анықтаумен ұласады.

Әдебиеттер тізімі

1. Потапов Л.П. Особенности материальной культуры казахов, обусловленные кочевым образом жизни. // МАЭ АН СССР, т.12, М., 1949. - 258 с.
2. Щербак А.М. Названия домашних и диких животных в тюркских языках // Историческое развитие лексики тюркских языков. – Москва: Издательство Академии наук СССР, 1961. – 467 с.
3. Бейсенова М.С. М.Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегіндегі төрт түлік мал атаулары: ф.ғ.к. дисс. қолжазбасы. 10.02.06. - Алматы, 1997. –170 б.
4. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. –304 б.
5. Қашқари М. Диуани лұғат ат-түрік: 3 томдық / М. Қашқари; ауд. А.Қ.Егеубай. –Алматы: Хант, 1997. –591 б.
6. Мусаев К. Лексика тюркских языков сравнительном освещении. – Москва: «Наука», 1975. – 357 с.
7. Наджиб Э.Н. Исследования по истории тюркских языков XI-XIV вв. – Москва: Наука, 1989. – 274 с.
8. Бутанаев В.Я. Традиционные способы ведения скотоводства у хакасов / Вопросы этнографии Хакасии. – Абакан: Изд-во ХГУ им. Н.Ф.Катанова, 1981. – 124 с.
9. Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Дзунгарской степи. Ч.1. Поднаречия алтайцев, телеутов, черневых и лебединских татар, шорцев и саянцев. – Санкт-Петербург: Издание, 1866. – 419 с.
10. Тоқтабай А. Қазақ жылқысының тарихы. –Алматы: «Алматы кітап» баспасы, 2010. – 1098 б.

11. Хадаханэ М.А., Саган-оол О.К. Тувинские пословицы и поговорки. – Кызыл: Тувинское книжное издательство, 1966. – 175 с.
12. Вербицкий В.И. Алтайские инородцы. Сборник этнографических статей и исследований. – Москва, 1893. – 236 с.

Ж.Н. Алашбаева

Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Этнокультурные особенности паремий в тюркских языках, связанных с понятием «лошадь»

Аннотация. В статье рассматриваются этнокультурные особенности паремий, связанных с понятием «лошадь» в труде М.Кашгари. Также анализируются научные подходы к этимологии таких паремий. Важность изучения данных паремий обусловлена тем, что процесс приручения дикой лошади начался у тюркских народов, и доказать это можно лингвистически. Основа возрождения общетюркского сознания – изучение истории, связывающей тюркские народы, дифференциация языковых сходств, определение ключевых концепций. Сохранение и уважение нашей истории и богатого словарного запаса являются одним из залогов нашего будущего. Особенности восприятия лошади у тюркских народов очень похожи. Любовь тюркских народов к лошадям можно заметить в пословицах и поговорках. История, культура, обычаи и традиции необъятной степи неразрывно связаны с лошадью. Казахи относят лошадь к одному из семи сокровищ.

Ключевые слова: М.Кашгари, паремия, конь, тюркские народы, этнокультура.

J.N. Alashbayeva

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Ethnocultural features of paremias in the Turkic languages associated with the concept of “horse”

Abstract. The article discusses the ethnocultural features of the horse “horse” in M. Kashkari’s work. Also analyzed the scientific approaches to the etymology of the name of the horse. The duty to study the history linking the Turkic peoples, to distinguish linguistic similarities, to define the concept of concepts and thoughts. Preserving and respecting our deep history and meaningful vocabulary is a vivid manifestation of our future. The knowledge, concepts, and characteristics of the perception of livestock among Turkic peoples are very similar. The love of the Turkic peoples to the horses can be seen in proverbs and sayings. The history, culture, customs, and traditions of the immense steppe are inextricably linked with equestrian of cattle. There is great importance in the parems of the Kazakh people that the horse is one of the seven treasures.

Keywords: M. Kashkari, paremia, horse, Turkic peoples, ethnic culture.

References

1. Potapov L.P. Osobennosti materialnoi kultury kazahov, obuslovlennyye obrazom jizni [Features of the material culture of the Kazakhs, due to the nomadic way of life], Collection of the MAE of the USSR Academy of Sciences, Volume 12, (Moscow, 1948, 258 p.).
2. Sherbak A.M. Nazvanya domashnih i dikih jivotnih v turkskih yazikov [Domestic and wild animal names in Turkic languages] (Publishing House of the USSR Academy of Sciences, Moscow, 1961).
3. Beysenova M.S. M.Qashharydin Dyuani lugat it-turk enbegindegi tort tulik mal ataulari: abstract of the dissertation of the candidate of philological sciences. 10.02.06. [Names of four livestock in the work of Kashkari M. Diyani lugat-it turk] (Ana tili, Almaty, 1997, 170 p.).
4. Qaydar A. Qazaq tilinin ozekti maseleleri [Actual problems of the Kazakh language] (Ana tili, Almaty, 1998, 304

р.).

5.Kashkari M. Diyani lugat-it turk [Divani lugat-it turk]: In 3 volumes / M. Kashkari ; translated A.K.Egeubay. (Hunt, Almaty,1997, 591 p.).

6.Musayev K. Leksika turkskih iazykov sravnitelnom osveshenii [The vocabulary of the Turkic languages a comparative perspective]. (Science, Moscow, 1975, 357 p.).

7.Najib E.N. Issledovania po istorii turkskskih iazykov XI-XIV vv. [Research on the history of Turkic languages XI-XIV centuries]. (Science, Moscow, 1989, 274 p.).

8.Butanaev V.Y. Traditsionnye sposoby vedenia skotovodstva u hakasov [Traditional methods of cattle breeding in Khakas] (Publishing house of N.F.Katanov HNU, Abakan, 1981, 124 p.).

9.Radlov V.V. Obraztsy narodnoi literatury turkskih plemen, jivushih v Ujnoi Sibiri i Dzungarskoï stepi [Samples of folk literature of Turkic tribes living in southern Siberia and the Dzungarian steppe], Part 1. Podnarechia altaitsev, teleutov, chernevyh i lebedinskih tatar, shortsev i saiantsev [Podnarechiya Altaians, Teleuts, dark and Lebedinsky Tatars, Shors and Shantsev]. (Izdanie, Sankt-Peterburg, 1866, 419 p.).

10.Toktabay A. Qazaq jylqysynyn tarihy [The history of the Kazakh horse]. (Almaty book publishing house, Almaty, 2010, 1090 p.).

11.Hadahane M.A., Sagan-ool O.K. Tuvinskie poslovitsy i pogovorki [Tuva Proverbs and sayings]. (Tuva publishing house, Kyzyl, 1966, 175 p.).

12.V.I. Verbitsky. Altaiskie inorodtsy. Sbornik etnograficheskikh statei i issledovaniï [The Altai aliens. Collection of ethnographic articles and studies] (Moscow, 1893, 236 p.).

Авторлар туралы мәлімет:

Алашбаева Ж. – түркітану бөлімінің докторанты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Жанкент көш., 55, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Alashbayeva Zh. – doctorate student of the chair of Turkology, L.N.Gumilyov Eurasian National Universiti, Jankent str., 55, Nur-Sultan, Kazakhstan.